

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Ботақан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сарсенбек Гулмира Арапбаева Гүлнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.04-28.04.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. (еңбек дағдылары)	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)

	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Көктемгі ауа райын бақылау". Мақсат-міндеттер: көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстарын бір шаңырақ астында тамашалаудың ерекшеліктерімен таныстыру.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Алан мен Данаға сыйлық". Мақсат-міндеттер: балаларға Алан мен Дана суретін үзік сызық бойымен дұрыс қиып алуға; қағаз бетіне жіп қиындыларын орналастырып, олардың үстіне шарларды жапсыруға үйрету.	Бір апта Дүйсенбіде достарыммен ойнадым, Сейсенбіде серуенге тоймадым Сәрсенбіде суда жүздім салқындап. Бейсенбіде би билеуге тоймадым. Жұма күні бардым үлкен жарысқа, Сенбі күні сапар шектім алысқа Жексенбіде еш жерге мен бармадым Анашыма көмегімді арнадым! (сөйлеуді дамыту)	«Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін	Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
--	---	---	--	--	---

				«құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау. 1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау. 1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау. 1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою. 1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).				

	1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Бір шаңырақ" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Ұлттар достығы" туралы әңгіме, сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Ұлттар" туралы суреттер көрсетіп, ұлттармен таныстыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Секіртпеден секіру". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету.	Қазақ тілі "Сарбаздар! Адымда!". Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, «Отан» туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; алдыға, артқа, оңға, солға ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау. Балаларды саптық әндерді марш ырғағында айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым бұйрықты есту, түсіну, орындауды үйрету; сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын	Дене шынықтыру "Секіртпені игерейік". Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метрден 3 рет жүгіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүгіруге үйрету.	Музыка "Дос болайық бәріміз". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.	Дене шынықтыру "Бірігіп шеңбер құрайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қарқынды өзгертіп жүру; 20-25 см биіктіктен секіруге үйрету.
---	--	---	---	---	---

		айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; есту мен еске сақтау, ойлау қабілеттерін зейінділіктерін, кеңістікті бағдарлау дағдысын, қатынастық біліктіліктерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Музыка "Дос болайық бәріміз". Мақсат-міндеттер: балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.			
--	--	--	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жөңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі	Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпірқосақ) Бақылау. Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау. Қимылды ойын:	Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл) Мақал-мәтел. Қалған көлге бақа басшы. Болжам. Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты	Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке

	арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру) Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне	бұлтты айыруға үйрету. Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру) Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген	«Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру) Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. Өз бетімен ойындар. Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің	бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және	денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру) Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту. Еңбек. Табиғат
--	--	---	---	---	--

	эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары) Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру.	махаббат пен белсенділікті арттыру. Өз бетімен ойындар. Велосипед тебу. (дене шынықтыру) Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.	ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.	шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру) Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу. Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Жаппаның астында ауа- райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет	бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
--	---	--	--	--	---

				ғұрпын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу					
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және				

	синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Сарғыш марғау – қонақжай" тақпағы бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың "Сарғыш Марғау - қонақжай" тақпағымен таныстыру; адамның, "қожайын", "үй иесі", "қонақ" сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қимылды ойындар. Марғаулар мен күшіктер Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриялық пішіндер." Мақсат-міндеттер: балалардың дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру. «Сыпайы өтініш» Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Әке мен бала". Мақсат-міндеттер: балаларды "Әке мен бала" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, әңгіме желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. Ритмикалық жаттығу Біздер тату баламыз, (қолдарынан ұстайды) Гүлдей жайнап жанамыз. (екі қолын жоғары көтеріп гүлдің бейнесін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Біздің көше". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтар ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер: балаларға елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері туралы түсінік беру; әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы білімдерін кеңейту. Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал! Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің

	марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады. «Күшіктер!» деген кезде – екінші топтағы балалар орындықтан өрмелеп өтеді. Марғаулардың соңынан төрт аяқтап қуады, үреді. Марғаулар мияулап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығады. Күшіктер	тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.	жасайды) Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Орнымыздан тұрамыз, (орындарынан тұрады) Қолды белге қоямыз, (қолдарын белге қояды) Бұрыламыз оңға бір, (оңға бір рет бұрылады) Бұрыламыз солға бір. (солға бір рет бұрылады) Бір, екі, үш, төрт. (санайды) Жоғары қолды созамыз (қолдарын жоғары созады) Аяқ ұшында тұрамыз. (аяқ ұшында тұрады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)	үйрету. Ұлттық ойын. Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол	сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. (дене шынықтыру)
--	--	---	--	---	---

	үйшігіне қайтып оралады. Екі-үш рет ойнағаннан кейін орындарымен алмасады. Ойын қайта жалғасады. (дене шынықтыру)			беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап,	"Күнді ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар.	Дос туралы мақал-мәтелдер жаттау. 1. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. 2. Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас. 3. Достық-татулық белгісі. (сөйлеуді дамыту және көркем	Тыныс алу жаттығуы. Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах. (дене шынықтыру)	"Достық" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)

	саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге). Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	әдебиет)		
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;				

	- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл
---	--

секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**

Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін

	қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Суреттер көрмесін ұйымдастыру.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"	Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".

Әдіскер:

А.А.Сулейменова